ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 31 қаңтар №2301-24-00-2/3551 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы А.А.Нигметованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Жарсуат ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Айзат Ерланұлы Аманжанов»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.23 670 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Е.Е.Букеев

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 4 қазанда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №66 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес, жауапкер «Атырау облысы Индер ауданы Құрылыс ауылы Су тазарту қондырғысын ағымдағы жөндеу жұмыстарын» жасауға міндеттенген.

Шарттың сомасы – 7 890 000 теңге, орындау мерзімі – шартқа қол қойылған күннен 40 күнтізбелік күн ішінде, 2024 жылғы 13 қарашаға дейін.

Алайда, жауапкер міндеттемені мүлдем орындамаған.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, шарт орындалмаған, 2024 жылғы 13 желтоқсанда шарт орындалмауына байланысты, бір жақты бұзылған.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары орындалмағанын, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1.Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 4 қазанда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №66 келісім-шарт жасақталған. Орындау мерзімі – 2024 жылғы 13 қарашаға дейін.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде орындалмай, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын түсіндірді.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 08.02.2025
Заңды күшіне енген күні: 11.03.2025, судья Дәурешова О. Ш., 12.03.2025
2301-24-3-1/3849

2. АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3, 7.4 тармақтарына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден 23 670 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын анықтады.

Бұл жағдайда, жауапкерден үш кешіктірілген күн үшін (2024 жылғы 11 қарашадан 15 қарашаға дейін) 23 670 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 2 556 (1 846+710) теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Жарсуат ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Айзат Ерланұлы Аманжановты» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Айзат Ерланұлы Аманжанов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Айзат Ерланұлы Аманжановтан мемлекет кірісіне 23 670 (жиырма үш мың алты жүз жетпіс) теңге тұрақсыздық айыбы, 2 556 (екі мың бес жүз елу алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 08.02.2025
Заңды күшіне енген күні: 11.03.2025, судья Дәурешова О. Ш., 12.03.2025
2301-24-3-1/3849

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 08.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.03.2025, судья Даурешова О. Ш., 12.03.2025

2301-24-3-1/3849